# 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

5, 6-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Парламенті Шаруашылық басқармасының 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 5-ҚОСЫМША

*Ескерту. 5-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

102 - Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 5636279 мың теңге (бес миллиард алты жүз отыз алты миллион екі жүз жетпіс тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" 1995 жылғы 16 қазандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы ; 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің (Негізгі бөлім); " Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 21, 22, 23, 24 және 25-баптары ; "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 4 және 7-баптары ; "

Ақпараттандыру туралы" 2003 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "2005 жылға арналған Республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығы ; "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1282 Жарлығы , "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызмет автомобильдерін пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы туралы" 2000 жылғы 29 қарашадағы N ІБ 01/42 Ереже.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жүктелген функцияларды барынша тиімді орындауға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Парламентінің тиімді қызметін қамтамасыз ету, өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау мен кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін ұсынылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіптік қызмет саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, шеберлік пен дағдыны жаңарту.

Жүктелген функцияларды барынша тиімді орындауға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Парламентінің тиімді қызметін қамтамасыз ету, өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау мен кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін ұсынылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіптік қызмет саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, шеберлік пен дағдыны жаңарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Парламентін ұстау, Парламент депутаттарының тұруы мен жұмысы үшін жағдай жасау, Парламенттің заң шығару қызметінің тиімділігін арттыру, басқа елдер Парламенттерімен және халықаралық ұйымдармен халықаралық байланысты нығайту және кеңейту, Парламенттің ақпараттық-техникалық базасын жетілдіру, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру, ақпараттық-есептеу қызметін сатып алу, әкімшілік ғимараттарды сақтандыру, Парламент депутаттарының қызметтік тұрғын үйі мен жатақханасы үшін жиһаз, тұрмыстық техника және басқа да интерьер заттарын сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Қазақстан Республикасы Парламентінің 116 депутатын, Сенат пен Мәжіліс аппараттарының 379 қызметкерін, Шаруашылық басқармасының 29 қызметкерін ұстау. Келісім шартқа сәйкес он чартерлік рейс үшін көліктік төлем жасау. Қызметтік тұрғын үй алғанша депутаттардың қонақ үйде тұру қызметіне ақы төлеу. Заң жобаларын әзірлеу, заң шығару қызметінің прак- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы |

тикасы бойынша зерттеу материалдарын даярлау, социологиялық және сараптамалық саулалдар, заң шығаруды реттеу проблемалары бойынша мониторинг жүргізу жөніндегі қызмет көрсетулерге төлем жасау. Әкімшілік ғимараттарды сақтандыру. Парламент жұмысына, оның ішінде пленарлық отырыстар өткізу, бюро, комитеттер отырыстары мен басқа да отырыстарды өткізу, полиграфиялық қызмет көрсету, фото- және бейне- қызметтерін, кабельдік теледидармен және ілеспе аудармамен қамтамасыз ету бойынша қызметтер сатып алу. Спорттық-сауықтыру іс-шараларын жүргізу. Қазақстан Республикасы Парламентінің

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 10 жылдығын мерекелеу құрметіне мерейтойлық медальдар мен оларға құжаттар, монеталар, омырауға тағатын белгілер сатып алу. |
| 3 | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Бекітілген біліктілікті көтеру жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызметті сатып алу, соның ішінде мемлекеттік тілді оқыту. Тыңдаушылар саны 85. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы |
| 4 | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | 1. Жаңадан салынған қызметтік тұрғын үйлерді жиһазбен, тұрмыстық техникамен және басқа да интерьер заттарымен жарақтау: 140 дана қабырға жиһаздың, 2 дана жұмсақ жиһаз жиынтығын, 133 дана дивандар, 30 дана жатын бөлме жиһаз жиынтығын, 132 дана көйлек-көн- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы |

шек комодын, 95 дана балалар гарнитурын, 140 дана ас үй жиһазын, 20 дана теледидар, 140 дана теледидар тумбаларын, 140 дана жорнал үстелдерін, 140 дана жылжымалы үстелдер, 95 дана кітап шкафтарын, 140 дана жазу үстелдерін, 95 дана компьютер үстелдерін, 840 дана жартылай жұмсақ орындықтар, 140 дана жұмыс креслоларын, 647 дана люстралар, 507 дана перде-карниз жиынтығын, 227 дана үстел лампасын, 140 дана ас үй ауа тазалағышын, 20 дана тоңазытқыш, 20 дана микроволновка, 560 ас үй орындығын, 20 дана кір жуатын машина, 140 дана дәліз жиһазы жиынтығын, 140 дана шкаф-купе, 20 дана шаңсорғыш, 140 дана радиоқабылдағыш-

тар, 140 дана телефон аппараттарын сатып алу.

2. Парламенттің жаңадан салынған жатақханасын жиһазбен, тұрмыстық техникамен және басқа да интерьер заттарымен жарақтау:

а) 90 дана шкаф-купе, 90 дана жылжымалы дивандар, 90 дана жорнал үстелдерін, 90 дана теледидар қоятын тумбалар, 90 дана жылжымалы үстелдер, 360 дана жартылай жұмсақ орындықтар, 90 дана ас үй гарнитурін, 90 дана тоңазытқыштар, 90 дана ас үй үстелдерін, 360 дана ас үй орындықтарын, 90 дана дәліз жиһазының жиынтығын, 180 дана перде-карниз жиынтығын, 270 дана шырағдандар, 90 дана ванна бөлмесі жинақталымын, 2 дана кір жуу машинасын,

1 дана көйлек-көншек кептіргіш;
90 дана телефон аппараттарын;
б) жұмсақ инвентарь:
180 дана одеялдар, 180 дана пледтер, 180 дана жастықтар, 180 дана төсек жиынтығын;
в) 1 дана буфет жиынтығын:
1 дана тоңазытқыш витрина, 1 дана қабырғаға қойылатын витрина, 1 дана тотталмайтын болаттан жасалған өндірістік үстел, 1 дана тоңазытқыш агрегат, 1 дана қуыратын үсті тегіс аппарат, 1 дана екі комфоралы электр плита, 1 дана қуыру шкафы, 1 дана ас үй ыдыстарын қоятын стеллаж, 1 дана ыдыс жинайтын арбаша, 1 дана ыдыс жуғыш, 1 дана электр сковородасы, 1 дана электр кептіргіш, 1 дана мұздату камерасын сатып алу.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 3. Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің ғимараты үшін саны 5 дана аркалы металл детекторларын сатып алу. 4. Автомашиналар сатып алу: жеңіл көлік - 10 бірлік, автобустар - 3 бірлік. | | |
| 5 | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Қызметтер сатып алу: а) Парламенттің заң шығару және ұйымдастыру-шаруашылық қызметтерін бағдарламалық жағынан қамтамасыз етуді жүргізу бойынша - 26 дана қызмет, б) Парламенттің ақпараттық-техникалық желілерін жүргізу және оған әкімшілік ету; в) ПЭВМ-да жаңа ақпараттық технологияларды және кеңес беру жұмысын жасауды оқып үйрену. 235 дана монитормен қоса жинақталған компьютерлерді, 65 принтерді | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы |

сатып алу.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | 100 | Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына | 120 гаражымен 140 пәтер сатып алу | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы қызметтік тұрғын үй сатып алу |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Парламентінің тиімді заң шығарушылық қызметін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасына жүктелген функцияларды сапалы және уақтылы орындау, парламентаралық байланыстарды нығайту, қазіргі экономикалық шарттарға сәйкес, кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін көтеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
6-ҚОСЫМША

102 - Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Заң жобалары мониторингінің автоматтандырылған жүйесін құру" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 11436 мың теңге (он бір миллион төрт жүз отыз алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексінің (Негізгі бөлім); "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2002 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "Электрондық құжаттар және электрондық таңбалық қол қою туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "Ақпараттандыру туралы" 2003 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "2005 жылға арналған Республикалық бюджет туралы" 2004 жылғы " " желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-

бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аппарат жұмысын жақсарту, бюрократизмге қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы ; "Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мәселелері туралы" 2000 жылғы 5 қазандағы N 1501 ҚР Үкіметінің қаулысы ; Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы бекіткен "Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы туралы" 2000 жылғы 29 қарашадағы N ІБ 01/42 Ереже.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Парламентінің заң шығару және ұйымдастыру қызметтерінің тиімділігін, сапасын, сонымен қатар қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде айқындылығын арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: "Заң жобасын жүргізудің бақылау картасы " блогы құрамында 1 кезең, "Ақпараттық хор" 1-кезең және "Электоратпен байланыс": "Пікір сұрау" мен "Форум" екі блок құрамындағы 1 кезеңді енгізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Заң жобалары мониторингінің автоматтандырылған жүйесін құру | "Қазақстан Республикасы Парламентінің мониторингі" автоматтандырылған жүйені құру: 1) қызмет көрсетуді сатып алу: а) тәжірибелік пайдалану және өндіріске енгізу: - "Заң жобасы" (бірінші кезең) - "Ақпараттық қор" (бірінші кезең) - | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы |

"Электоратпен байланыс" (бірінші кезең);
б) Интернет-порталды дамыту жөніндегі қызметті сатып алу;
2) "Отырыс" кіші жүйесі үшін кескіндік техникалық шешімдерді сынауға арналған 14 дана планшетті компьютерлерді жабдығымен қоса сатып алу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қоғамды демократияландыру, парламент қызметінің айқындығын арттыру, жаңадан қабылданған заңдардың сапасын арттыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
6-1-қосымша

*Ескерту. 6-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

102 - Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған**
**003 "Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы объектілерін салу және қайта жаңарту" республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 184875 мың теңге (бір жүз сексен төрт миллион сегіз жүз жетпіс бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" 1995 жылғы 16 қазандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы ; 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексі ; Қазақстан Республикасы

Президентінің Іс Басқармасы бекіткен "Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы туралы" 2000 жылғы 29 қарашадағы N ІБ 01/42 Ереже.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы объектілерінің тиімді жұмыс істеуі.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының ғимараты құрылысын бітіруді қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы объектілерін салу және қайта жаңарту | "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысының 2 қосымшасына сәйкес инвестициялық жобаларды тізбе бойынша және бөлінген сома шеңберінде іске асыру, оның ішінде 28.02.2005 ж. N 2-104/05 мемлекеттік сараптаманың қорытындысы- | 2005 жылдың екінші жартыжылдығы | Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы |

на сәйкес қосымша жұмыстарды орындау үшін Сенат ғимараты-ның құрылысын аяқтауға.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың ықтимал нәтижелері: Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының ғимаратын тапсыру және пайдалануға беру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК